

2017-2018 оқу жылы бойынша №6 Хромтау гимназиясында «Абайлаңыз, балалар!»  
апталығының жұмыс жоспары

№	Өткізілетін іс-шара	Түрі	Кімдер қамтылады	Күні	Жауаптылар
1	«Абайлаңыз, балалар!»	Апталық жиында хабарлама	5-11	11.09	«Қыран» ҚЖИ тобы
2	Жолда жүре білесің бе, балақай?	Танымдық сабақ	1-4	12.09	«Қыран» ҚЖИ тобы
3	Жолда жүру ережесін сақтайық!	Үгіт-насихат плакаттары	5-8	13.09	«Қыран» ҚЖИ тобы
4	«Абайлаңыз, балалар!»	МАИ қызметкерлерімен кездесу	5-8	14.09	Сынып жетекшілер
5	Жолда жүру ережесі	Сынып сағаттары	1-11	15-16.09	Сынып жетекшілер

«Абайлаңыз, балалар!» қыркүйек айында балалар мектепке барғанда орын алатын үлкен көлемдегі республикалық акция. Балалардың қатысуымен болатын жол қозғалысы оқиғаларының ең негізгі себептері: жолды белгіленбеген жерден жақын жүріп келе жатқан көліктің алдынан қиып өту, жол қиылыстарында ойнау, тоқтап тұрған автокөліктің алды-артынан өту, велосипед мініп, жол қозғалысы ережелерін бұзғандықтан және жол қауіпсіздігі ережелерін сақтамағандықтан туындайды. Балаларды жол-көлік қозғалысынан жарақат алудың алдын алу мақсатымен, сонымен қатар жолдар мен көшелерде қауіпсіз мінез-құлыққа байланысты дағдыларды бекіту, тұрғылықты жері мен оқу орындарында көлік ортасына балалар мен жасөспірімдерді бейімдеу үшін №6 Хромтау гимназиясында жолда жүру ережесі апталығы болып өтті. Апталықтың басталуы туралы 11 қыркүйек күні апталық жиында хабарлама жасалды.

12 қыркүйек күні «Жолда жүру ережесін білесің бе, балақай?» тақырыбында 1-4 сынып білім алушыларына танымдық сабақтар болып өтті. Танымдық сабақтарды жол патрульдік полиция қызметкерлері өткізді.



13 қыркүйек күні 5-8 сыныптары «Жолда жүру ережесін сақтайық!» тақырыбында үгіт-насихат плакаттары шығарып, макеттер жасады. Нәтижесінде I орын-8ә, II орын-7а, III орын-6а сыныбы иеленді.



4 қыркүйек күні «Абайлаңыз, балалар!» акциясы аясында Ақтөбе облысы Хромтау аудандық ішкі істер бөлімінің жол потрульдік полиция сержанттары Жанкелді Еркебұлан Жанкелдіұлы мен Ахметкалиев Бауыржан Болатұлы білім алушылармен кездесті. Кездесу барысында жылдамдықты арттырып, жол қиылыстарында ережені сақтамаудың салдары апатты жағдайларға әкелетіндігі айтылып, жол жүру ережелерінің маңыздылығы туралы түсіндірілді.







15-16 қыркүйек күндері 1-8 сыныптарда жолда жүру ережесіне байланысты сынып сағаттары болып өтті.





Орындаган: Жасаганбергенова Б